

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің 60 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары– 13: дәстүрлерді сақтай отырып, болашақты құру» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Республиканской научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 13: сохраняя традиции, создавая будущее», посвященная 60-летию Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина. - 2017. - Т.1, Ч.1. - Б.367-369

СҮРЛЕМДІК ОТАНДЫ ЖӘНЕ ШЕТ ЕЛДІК ЖҮРГЕРІБУДАНДАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІН САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

Сұңқаров Д.С., Жалғасұлы Н.

Елімізде, оның ішінде Қазақстанда азық-түлік бағдарламасын орындауда жүгерінің адамға да, малға да азықтық қасиеті орынды бағаланып отыр. Сондай-ақ өнеркәсіпте бағалы шикізат есебінде әр түрлі мақсаттарға пайдаланылуы біздің республикамызда жүгеріні кең көлемде өсіру қажеттігі мен мүмкіншіліктерін айқындады.

Республикамызда тың және тынайған жерлердің игерілуі қуатты егіншілігі мен мал шаруашылығы дамыған ірі шаруашылықтар құруға негіз болды. Ауыл шаруашылығының интенсивті дамуы мал шаруашылығы үшін қажетті құнарлы да мол мал азығын дайындауды қажет етті. Осындай бірден-бір дақыл жүгері болып табылады [1].

Қазіргі уақытта жыл сайын республиканың барлық аймақтарында ол - сүрлем үшін 2,8 миллион гектарға, оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарында - дәндік жүгері есебінде 140 мың гектарға өсіріліп келеді.

Оңтүстікте дәндік, сүрлемдік жүгеріден тұрақты мол өнім алынып жүр. Ал, солтүстік аудандарда жылы кезең қысқа болатындықтан, жүгерінің бапталу, өсу мерзімі 95-100 күннен аспайды. Сондықтан, мұнда жүгерінің ерте пісетін бұдан және сортты тұқымдары сүрлем үшін егіледі.

Ол гектарына 150—300 центнерге дейін сүрлемдік көк балауса береді. Солтүстік аудандардағы азықтық сапасы жөнінен жоғары мұндай өнімді басқа дақылдардың бір де біреуі бере алмайды.

Елімізде пайдаланылатын егістік жерлердің көлемі жылдан жылға тұрақталып келеді. Осыған байланысты астық дақылдарының өнімін молайту, оның сапасын жақсартудың басты шарты -әр түрлі тыңайтқыштарды тиімді қолдану болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан өңірінде жүгері негізінен суармалы жерлерде өсіріледі. Өнімділігі жағынан барлық далалық алқаптарда егілетін дақылдардан дәнге өсірген жағдайда да, көк балауса өсіру мақсатында да ең жоғары сапалы мал азықтық өлшем бірлігінің жиынтығын алуға болады. Ғылыми негізделген өсіру технологиясын өз дәрежесінде уақытылы, сапалы жүргізген жағдайда дәндік жүгеріден 100-120 ц/га, ал сүрлемдік жүгеріден 800-1000 ц/га көк балауса жинауға болатынын тәжірибе арқауы және озық өндірістік технологияның үлгісі дәлелдеп отыр.

Кез келген дақылдан мол өнім қалыптастыру үшін міндетті түрде нақты топырақ климаттық жағдайларға бейімделген ауыспалы егістік ерекшеліктері ескерілуі тиіс [2]. Сонымен қатар өсімдіктің биологиялық ерекшеліктерін ескере отырып жасалынған өсіру технологиясын жасап оны

міндетті түрде уақтылы қолдану барысында ғана жоғары сапалы мол өнім алуға септігін тигізеді. Мұндағы басты назарда ұстайтын негізгі жағдайлар өсіру технологиясының элементтерін толық негізде ұстап отыру болып табылады. Яғни, дақылдың ауыспалы егістегі орны, тыңайтқыштар қолдану жүйелері, топырақ өңдеу жүйесі, тұқымды себуге әзірлеу, тұқымды себу мерзімі, мөлшері және әдістері, егістікті күту және баптау және өнімді жинау ерекшеліктері нақты топырақ – климаттық жағдайларға бейім болуы шарт[3].

Зерттеу мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізу үшін Ақмола облысы, Целиноград ауданында орналасқан С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің кампусына тәжірибе қойылды. Зерттеу нысаны ретінде сүрлемдік дақыл жүгерінің отандық "Қазақстанская 420", "Си-Респект", "Си Новатоп" будандары алынды.

Алғы дақыл-тың жер. Себу мөлшері – гектарына 496 мың дән немесе 67 кг. Тәжірибе қойылатын жалпы егістік алаңы - 800 м². Тәжірибе танаптарының жалпы ауданы – 579,6 м² (82,8×7 м). Әр мөлдектің ауданы – 16,1 м². Мөлдектің қайталаным аралықтары 100 см, нұсқа аралықтары 100 см, 6 үлгі, 3 қайталанымды, 2 нұсқалы. Өсіру агротехникасы аймақ жағдайында қабылданған технология бойынша жүргізілді. "Қазақстанская 420", "Си респект" және "Си Новатоп" будандары тұқымдары Флудоксанил+Металаксил М тұқым дәрілегішімен өңделген. Сонымен қатар өсу реттегіш Новосил препаратымен тұқымдарды себу алдында және үстеп қоректендіру кезінде өңделді. Себу жұмыстары ұсынылған аймақ топырағының физикалық пісуі жеткенде мамыр айының ІІ және ІІІ декадасы, себу технологиясы – қолмен.

Өсу реттегіші Новосил препаратымен 1 гектарға есептелген тұқымдарды себер алдында өңдеу үшін 1 л суға 5 мл-мен өңделді. Ал өсімдікті үстеме қоректендіру үшін 10 л суға 50 мл көлемінде дайындалып, жапырақтардың қалыптасу кезеңінде енгізілді.

Зерттеу нәтижелері

2016 жылғы зерттеу нәтижелерін қорытындылай келе отанды және шет елдік жүгері будандарының арасында негізгі фазаларының түсуі арасында ешқандай айырмашылықтар байқалмады. Зерттелген жүгері будандарының көк балауса жинауға дейінгі вегетациялық ұзақтығы 86-92 күнді құрастырды.





Сурет 1. Жүгері будандарының өсіп-даму кезеңдері

Егін көгі пайда болғаннан кейін 3-4 күнен кейін алғашқы жапырақтары пайда болды. Содан кейін 7-8 күннен кейін келесі жапырақтары пайда бола бастады. Вегетациялық кезеңде Новосил препаратын қолданғанда жүгері будандарының өсімдік биіктігі бақылау вариантымен салыстырғанда 20-30 см биік болды (сурет1).

Новосил препаратын тұқымды дәрілеу варианттарында жүгерінің "Си респект" және "Си Новатоп" будандарында бақылау варианттарымен салыстырғанда вегетациялық пісіп жетілуі 10-12 тәулікке ерте жетті.

"Новосил" препаратымен тұқымын өндегенде Казахстанская 420 отандық жүгері буданының көк балауса өнімділігі 240 ц/га, вегетациялық кезеңінде бүркігенде 215 ц/га, ал бақылау вариантында 175 ц/га болды.

Ал "Си-Респект" және "Си Новатоп" будандарының тұқымдарын "Новосил" препаратымен өндегенде көк балауса өнімділігі 320 ц/га, ал вегетациялық кезеңінде бүркігенде 260 ц/га өнім қалыптастырды.

Вегетациялық кезеңінде зерттелген отандық және шет елдік будандарда тамыр шірік және басқада ауыруларымен залалданғаны байқалмады.

Қорытынды

Новосил препаратын тұқымды дәрілеу варианттарында жүгерінің шет елдік "Си респект" және "Си Новатоп" будандарында бақылау варианттарымен салыстырғанда вегетациялық пісіп жетілуі 10-12 тәулікке ерте болды және көк балауса өнімділігі бақылау вариантымен салыстырғанда 60-80 ц/га артық болды.

Әдебиеттергізімі

1. Кудайбергенов Н.С. Наследуемость в гибридных популяциях кукурузы //Вестник с.-х. науки Казахстана. –Алматы: Бастау, 2010. –№4. – С.7.
2. Сотченко В.С., Горбачева А.Г. Производство кукурузы и особенности ее семеноводства в России //Земледелие. –М., 2011. -№2. –С.3.
3. Bioenergy potential from crop residue biomass in Araucania Region of Chile.Román-Figueroa, С., Montenegro, N., Paneque, M. Agroenergía Ingeniería

Genética S.A. Inc., Almirante Lynch 1179, San Miguel, Santiago, Chile .
Renewable Energy. Volume 102, 1 March 2017, Pages 170-177.

Научный руководитель: Стыбаев Г.Ж., к.с.-х.н., доцент